

**Пернебай Г.А.** Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті, БОПМӘ 41-21к  
(*Айдарбекова К.А. п.ғ.м., бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы*)

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІН ҚОЛДАНУ**

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда ерте, ерте, ертеде» деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес.

Ертегілерде халық басынан кешкен ғасырлар ізі жатыр. Олар еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдіктарихы, қилы-қилы қиын асулары, халықтың мұң-шері, арман-мұраты бейнеленген.

Я. В. Пропп ертегілерді белгілік құрылымына қарай:

1. таңғажайып;
2. жануарлар туралы;
3. адамдартуралы ертегілер деп жіктейді.

Ал халық ертегілерін академик М.Әуезов 3 түрге бөледі:

1. қиял-ғажайып;
2. хайуанаттар туралы;
3. шыншыл ертегілер.

Солардың ішіндегі ең көнесі және ертедегі мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың нелер тұңғыық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем, жазира жадыраған жайма-шуақ өмірге жетсем деп қиялы бар. Сол заманнан бергі жамандық пен жақсылық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бітіспес арпалыста болады. Ертегілердің ғажабы сол, оларда еңбек пен адамның ақыл-парасатының табиғаты бағындыра алар құдіретіне сенім нық. Әділдік пен жауыздық арасындағы күрес халықтың әділдікті аңсау арманынан туған. әділдік пен адалдық жолындағы халық ортасынан шыққан қаһарман жалпы адам бақыты үшін ешбір қауіп-қатерден тайынбай, үрейлі алып күштерге қарсы айқасқа түседі. Талай қиындықтарға қарсы шығып, оны жеңіп, дегеніне жетеді. Әділдікті жақтау ретінде мерген, батыр, айлалы, ақылды адамдар бейнеленген. Олар – қарапайым адамдар, бірақ алдына қойған мақсат ы биік, сондықтан да ертегілер көбіне жақсылықпен аяқталады, әділдік жақтаушы-адамның мерейі үстем болуымен тынады.

Қазақ халқының бай рухани мұраларының бірі – халықтық тәрбие. Халық көптеген тәрбиелік дүниелер туғыза отырып, олар арқылы баланың «жеті қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын қамтамасыз еткен [1].

Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Ш.Уәлиханов Г.Н.Потанин, Н.Березин, В.В.Радлов, А.Е.Алекторов, А. Ивановский, Л.Исаков, Н.Крафт, О.Әлжанов, Р.Дүйсенбаев, М.Көпеевтер болса кейін Ә. Диваев, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллиндер зерттеп жинақтай бастады.

Бұл зерттеулердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман-мүддесі, болашақтан күтетін үмітінен, қиялынан туған деп қарастырады. Бірақ ертегілердің тәрбиелік жақтарын, адамның не бір сапалық жақтарын қалыптастырудағы оның ерекше ықпалы туралы пікір кездесе бермейді [2].

Бірақ, М. Горький әрі қарай бір күштің не екенін түсіндірмейді. Біздің түсінігімізше, бала ертегіні тыңдай отырып, өмірді түрлендіре алатын күш адаммен ғана байланысты, адамның өзінде екенін сезе алады. Адам ғана – құдіретті күштің иесі.

Ұшқыш кілемді де, өлген адамды тірілтіп алатын суды да, бір түнде көркем сарайлар салғызатын да сол күш, небір зұлымдықтарға қарсы қорықпай күресетін, кедергі болатын, оларды жойып жіберіп отыратын да осы күш.

Ата-бабаларымыз үшін өмір мұраты не? Адамдық идеал қандай еді? Бала бойына қандай сапаларды қалыптастыруды мақсат етті? Дейтін болсақ, оны ертегілердің өзінен айқын көруімізге болады. Ертегілер өз кейіпкерлерін өмір мұратына, адам бақытының ең биік шыңына жетуімен аяқталады. Сол мұратына адам еңбек сүйгіштіктің, жауапкершіліктің, адалдықтың арқасында жетіп отырады.

Олар: «ақ киізге салып, хан көтерілуі «Аяз би!», «бай болып, хан болып дүниеден өту» («Қарамерген»), «хан қызына қосылу («Тұмарбас батыр»). «уәзір болу» («Ақылды етікші»), баланың патша болуы («Алтын айдары») т.б.

Демек, бай, уәзір, хан болу, хан қызына үйлену-өмір мұраты, ең жоғарғы адамдық идаел. Бірақ, байлық, хандық деген не? Оның адам үшін мәні неде? Ертегіде оған түсінік берілмейді. Керісінше ертедегі ең басты орын, сол өмір мұратына қалай жетуге болады, оған керекті адамдық қасиеттері қандай деген сауалға жауап беруге ең үлкен орын беріледі. Ертегінің құрылымын, негізгі мазмұнының бағытын қарайтын болсақ, оның басты мақсатының өзі өмір мұратына жетудің жолдарын, ол үшін қажет адамдық сапаларды көрсету екенін айқын көруге болады. Ең алдымен өмір мұратына жетуге қазақтың даналықта бірінші кезекте, ең басты сапа – ақылдылық, еңбек сүйгіштік, адалдылық.

Ертегіні жасаушы – халық даналығы өмір мұратына жетудің басты жолы ақылдылық екенін бірінші кезекте, толық көлемді берумен қатар, сол ақылдылықтың өзі еңбекпен байланысты екенін қысқа болса да ертегіде дәлелді міндетті түрде берілуі, ертегінің сол кездегі өмір жағдайын толық көрсете білуі.

Табиғат күштерін қайткенде басқару жайын, әлемде туындап жатқан сансыз құбылыстардың мәнін қалай ұғыну жағдайын адамзат бағы заманнан бері арман еткен, еркін еңбекті, әділдікті көксеген. Барлық елдердегі адамдардың арманы бір-біріне ұқсас болды, алайда әр халық оны өзінше бейнеледі. Халықтың осы үміт-тілегінен, аңсау арманынан әр халықтың өзімен бірге жасайтын, бірге өмір сүретін ғажайып ертегілер әлемі пайда болды. Ертегіден халықтың көркем шығармашылыққа, өзінің ұшан-теңіз қиялын бейнелеп беруге деген суреткерлік дарынын айқын көреміз.

Ертегі – қиял-қазынасы, яғни ойдан шығарылған дүние. Ол өзінің тыңдаушысынан қанатты қиял мен шығармашылық елестету күшін талап етеді. Ертегілердегі ойдан шығарылған ғаламаттардың шындыққа айналатын кездері де болады.

Ертегілерде халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, қазақ халқының ең жақсы қасиеттері бейнеленген.

Ертегілердің қай түрін алмасақ та, әрқайсысы адамды жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа бастайды. Ертегі сюжеттерінде әділетті күш пен әділетсіз күштің күресі, әділетті күштің өміршеңдігі сөз болады.

Қазақ ертегілерінің оқушыларды адамгершілік асыл қасиеттерге баулу маңызы өте зор. Мысалы, «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісіндегі жағымды образ арқылы балаларды адалдық, үлкенді құрметтеу, біреуге қол ұшын беруге әзір болу тәрізді асыл қасиеттерге баулиды.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің ішіндегі ең бір қызықтысы – «Ер Төстік» ертегісі. Онда жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, махаббат пен зұлымдық арасындағы қиян-кескі күрес бейнеленеді.

«Ер Төстік» ертегісінің мазмұны балаларды жолдастыққа, бауырмалдыққа, кенеттен кездескен қиындықтарды біріге отырып жеңе білуге, өжеттілікке тәрбиелейді. Сонымен қатар ертегілердің негізгі идеясы – адам баласына қастық жасаушы күштерге қарсы күрес, әділеттілікке шақыру, зұлым күштерді қарапайым адамның қалайша жеңгенін көрсету.

Ер Төстік әр түрлі жауыздық, зорлық жасаушы күштерге қарсы күресуші, жәбірленушілерді қорғаушы ретінде көрінеді. Бұл жөнінде оның көптеген ерлік істері қиял түрінде берілгенмен, халықтың ойы, арманы жауыздықты жақсылыққа жеңдіру екендігі анық аңғарылады.

Ертегілердің басым көпшілігі бастауыш сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке, еңбек адамдарын құрметтеуге, еңбектану арқылы өнердің бір түрін игеруге, өнер иесі болуға уағыздайды. Мәселен, «Алтын балы», «Білгеннің пайдасы», «Газша бала», «Жеті өнерпаз», «Жігіт пен өнерлі қыз», т.б. ертегілер осындай идеяға құрылған.

Кейбір ертегілерден халықтың сыртқы сұлулықтың адамның ішкі рухани байлығымен, гуманистік терең сезім тәрізді моральдық қасиеттермен үйлесімді болуын қалағаны айқын көрініс береді. Оған «Күн астындағы Күнекей қыз», «Қара батыр», «Алтын айдар», «Қайсар құмырсқа» т.б. ертегілер дәлел бола алады.

Халықтың тұрмыс – салтына байланысты туған ертегілердің бірі – «Аяз би». Ертегінің негізгі идеясы – шаруа адамның ісі мен ақылын ардақтау.

Бұл ертегіден халықтың нені көкसेп, нені арман еткенін көруге болады. Халық ертегісі еңбекші бұқараға жиіркеніп, қарайтын, тіпті оны адам санатына қоспайтын кейбір хандар мен уәзірлердің топстығын әшкереп отырып, оларға өз адамын қарама-қарсы қойып, бір-бірімен салыстыралы. Барлық сыннан мүдірмей өткен, ақылы мен адамгершілігі ханнан да, оның күншіл уәзірлерінен де асып түскен Аяз биді ардақтайды. Мұндай ертегілерде халықтың ғасырлар бойы жиып-терген өмір тәжірибесі, тұрмыс-тіршіліктен жинақтап қорытқан ой-түйіні де айтылады. Халық соның бәрін ертегіге айналдырып, жастарға үлгі боларлықтай тұжырым жасайды.

Ертегі өмір мұратын жету үшін ең керек нәрсе адам үшін ақылдылық екені айтылса да, сол ақылдыққа жетудің жолы еңбек деген түсінікті аз сөбен ғана беріп отырады. Сонда ертегі жасаушының басты мақсаты - өмір мұратына жеткізетін ақылдықты толық дәлелді көрсете білу ме, әлде соның негізінде келіп, өмірдің мәні сайып келгенде, еңбекпен ғана байланысты екенін ұғындыру ма?

Қазақ ертегілерінің ішкі мазмұнына қарай отырып, бұл сұраққа екі түрлі жауап беруге болады:

Біріншіден, ертегіне жасаушы – халық даналығы өмір мұратына жетудің басты жолы ақылдылық екенін бірінші кезекте, толық көлемді берумен қатар, сол ақылдылықтың өзі еңбекпен байланысты екенін қысқа болса да ертегіде дәлелді міндетті түрде берілуі, ертегінің сол кездегі өмір жағдайын толық көрсете білуі.

Екіншіден, ертегіде өмір мұратына жетудегі еңбектің мәнінің жеткілікті, толық көрінбеуі, керісінше, ақылдылыққа үлкен орын берілуі, ертегі жасаушының өзі, бұл мәселеге толық жауап беруге әзір емес сияқты.

«... Ертегінің әрбір сөзі мәңгілік фресканың өте нәзік нақышы секілді, әрбір сөзде, әрбір бейнеде халық рухы шығармашылық күшінің көрінісі бар. Ертегі – халық мәдениетінің рухани байлығы, оны тану арқылы бала туған халқын жүрегімен танып-біледі», - деген В.А.Сухомлинский пікірінде көп мән жатыр.

Әдебиеттану, фольклортану саласындағы бірқатар жіктемелерді (М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев) негізге ала отырып оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мақсатында біз қазақ халық ертегілерінің жіктемесіне былайша ұсынамыз:

1. Қиял-ғажайып ертегілер;
2. Тұрмыс-салт ертегілер;
3. Батырлық-ерлік жайындағы;
4. Күлдіргі ертегілер;
5. Үй жануарлары жайындағы ертегілер;
6. Хайуанаттар жайындағы ертегілер [3].

Ұсынылып отырған жіктеменің педагогикалық мәні өте жоғары:

- біріншіден - әр сыныпта меңгерілетін қазақ халық ертегілерін, нақты өлшемдер арқылы сұрыптауға (ертегінің танымдық мазмұндылығы; ертегіге көрініс тапқан ойлар арқылы берілетін білімнің бала жасына қарай түсінікті болуы; ертегідегі оқиғалардың эмоциялық мәнерлілігі; ертегі мазмұнының қызықтылығы) бағыт-бағдар береді;

- екіншіден – мұғалімге оқушының тұлғалық қасиетін қалыптастырудағы ертегі ролін дұрыс бағалауға көмектеседі;

- үшіншіден – оқушының ой-өрісін жетілдіреді, қазақ халық ертегілері түрлерін бір-бірінен ажырата білуге үйретеді, халықтың тұрмыс-қарекеті, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы, дәстүрлі өнегесімен таныстырады, жақсыдан – жаманды, қайырымдылықтан жауыздықты айыра білуге, адал еңбек ете білуге бағдарлайды;

- төртіншіден – ертегіні эмоциялық әсермен қабылдай білуге көмектеседі;

- бесіншіден, баланың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін (зейін, ес, ойлау, қиялдау, талғам т.б.) айқындауға септігін тигізеді.

Танымдық қызығушылық – бұл бастауыш мектеп оқушыларының табысты білім алуының негізгі факторларының бірі. Ол білімді белсенді меңгеруге, шығармашылық ойлау мен тәуелсіздікке ықпал етеді. Бастауыш сыныптарда танымдық қызығушылықты қалыптастырудың тиімді тәсілдерінің бірі – халық ертегілерін қолдану. Ертегілер – тек моральдық тәрбиенің көзі емес, сонымен қатар балалардың танымдық белсенділігін дамытуға арналған қуатты құрал. Олар балаларға жаңа білімдерді қолжетімді әрі қызықты формада меңгеруге көмектесіп, қиялын, назары мен логикалық ойлауын, сондай-ақ сөйлеу дағдыларын жетілдіреді.

Мақалада халық ертегілерінің бастауыш сынып оқушыларының оқу процесіндегі рөлі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ертегілерді оқу процесінде қолдану балалардың танымдық қызығушылығына қалай әсер ететінін анықтау. Мақсатқа қол жеткізу үшін эксперимент жүргізілді, оның нәтижесінде ертегілерді қолдану кезінде балалардың танымдық белсенділігі деңгейіндегі өзгерістер анықталды.

Білім беру процесінде ертегілерді қолдану терең тарихи тамырларға ие. Ежелгі Грекияда Эзоптың баспақтары балаларды моральдық тәрбиелеудің ғана емес, білім алудың бір тәсілі ретінде де қызмет етті. Олардың сюжеттерінде жақсы мен жаманды, әділдік пен жауапкершілікті айқындайтын моральдық сабақтар бар еді.

Орта ғасырлардағы Еуропада халық ертегілері ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, көбінесе христиандық реңкке ие болды. XIII–XIV ғасырларда халық аңыздарын жазып алу әрекеттері байқалды. Мысалы, Германияда Гримм бауырларының ертегілері тек әдеби ескерткіш қана емес, дәстүрлі моральдық құндылықтарды жеткізетін маңызды педагогикалық құрал ретінде де қолданылды.

Орыста халық ертегілері балаларды тәрбиелеуде ерте қолданылған. XIX ғасырда орыс педагогы К.Д. Ушинский ертегілердің балалардың сөйлеуін, қиялын және моральдық тәрбиесін дамытудағы маңыздылығын атап көрсетіп, оларды баланың әлеммен танысуының алғашқы мектебі деп санады.

Жапонияда да халық ертегілері (мукаси-банаси) балаларды тәрбиелеуде дәстүрлі түрде қолданылған. Мысалы, Момотаро мен Исун-Боси туралы әңгімелер жақсылықты, батылдықты және еңбектілікті үйреткен. Жапон педагогтары ғасырлар бойы ертегілерді мәдени дәстүрлер мен әлем туралы білімдерді жеткізудің құралы ретінде пайдаланған.

Араб әлемінде «Мың бір түн» ертегілері тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар білім беру рөлін атқарып, математика, астрономия және философия туралы көптеген мәліметтерді жеңіл әрі түсінікті формада жеткізген.

Осылайша, ертегілерді білім беру процесінде қолдану терең тарихи тамырларға ие болып, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі мәдениеттерінде кеңінен пайдаланылып келеді.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызметінде халық ертегілерінің рөлі

Халық ертегілері ерекше қасиеттерге ие, оларды білім беру процесінде ерекше пайдалы етеді:

- Кейіпкерлердің айқын бейнесі.
- Балалар ақпаратты, ол түрлі-түсті кейіпкерлер мен қызықты сюжеттер арқылы ұсынылған кезде, жеңіл қабылдайды.
- Эмоционалдық әсер.
- Ертегілер күшті эмоциялар тудырады, бұл ақпараттың жақсы есте сақталуына ықпал етеді.
- Моральдық және тәрбиелік сабақтар.
- Олар балаларға дұрыс мінез-құлық үлгілерін және құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі.
- Танымдық әлеует.
- Көптеген ертегілер халық даналығын, тарихи және мәдени мәліметтерді қамтиды.
- Ертегілерді әртүрлі пәндерді оқытуда қолдануға болады. Мысалы:
  - Әдебиет: оқу, қайта баяндау және мәтінді талдау дағдыларын дамыту.
  - Математика: кейіпкерлердің есептеулер мен логикалық тапсырмаларды шешуі туралы ертегілерді қолдану.
  - Қоршаған орта: табиғат пен жануарлар туралы ертегілер арқылы қоршаған әлемді қызықты түрде зерттеу.
  - Сурет өнері: ертегілерді иллюстрациялау, сюжеттер негізінде қолөнер жасау.
  - Музыка: ертегілерден әндер үйрену және музыкалық ертегілерді сахналау.
  - Еңбек тәрбие: ертегі кейіпкерлеріне арналған қуыршақтар мен сахна декорацияларын жасау.

Қазақ халық ертегілері терең тәрбиелік мәнге ие, қазақ халқының құндылықтарын жеткізіп, жақсылықты, әділдікті, еңбекті және үлкендерге құрметті үйретеді. Олар сондай-ақ әртүрлі оқу пәндерінде қолдануға ыңғайлы (Кесте 1)

Кесте 1. Қазақ халық ертегілерін оқу пәндерінде қолдану үлгілері

Ертегі	Пән	Қолданылуы
Ер Төстік	Әдебиеттік оқу	Батырлық эпостың құрылымын талдау, басты кейіпкердің мінез-құлқын талқылау.
Ер Төстік	Дүниетану	Көшпенділердің дәстүрлі өмір салтын зерттеу, қазақ эпосын қарастыру.
Алдар-Көсе	Әдебиеттік оқу	Оқу, юмористік жағдайларды талдау, моральдық мазмұнды талқылау.
Алдар-Көсе	Әдебиеттік оқу	Халық фольклорындағы тапқырлық, әділеттілік және айлакерлік ұғымдарын зерттеу.
Қозы Көрпеш – Баян Сұлу	Әдебиеттік оқу	Лирикалық-эпикалық жанрды зерттеу, кейіпкерлердің сезімдері мен қарым-қатынастарын талдау.
Жеті қазына	Дүниетану	Табиғат пен жануарлардың көшпенділер өміріндегі маңызын талқылау.
Тазша бала	Қазақ тілі	Ақылды бала бейнесін талдау, ақыл мен тапқырлық құндылықтарын талқылау.

Қазақ халық ертегілері білім берудің қуатты құралы болып табылады және оларды әртүрлі сабақтарда қолдану тек бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұлттық мәдени мұраны сақтауға да септігін тигізеді. Оқыту процесінде ертегілерді қолдану сабақтарды қызықты әрі тиімді етіп, балалардың қиялын, ойлауын және моральдық қасиеттерін дамытады.

**Зерттеу әдістері**

Халық ертегілерін қолданудың бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыруға ықпалын тексеру үшін бір мектепте эксперименталды зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 2-сынып оқушыларының екі тобы қатысты:

1. Эксперименттік топ – оқу процесінде халық ертегілері белсенді қолданылған балалар.
2. Бақылау тобы – ертегілер қолданылмай, дәстүрлі әдіспен оқытылған балалар.

Үш ай бойы эксперименттік топтағы сабақтарда халық ертегілері қосылып, олардың мазмұны талқыланып, сахна қойылымдары ойналып, шығармашылық тапсырмалар берілді. Бақылау тобында оқу дәстүрлі түрде жүргізілді.

**Танымдық қызығушылықты бағалау әдістері**

Оқушылардың танымдық белсенділігін объективті түрде өлшеу үшін келесі төрт әдіс қолданылды:

**1. Оқушыларды бақылау**

Бақылау барлық эксперимент мерзімі бойы жүргізілді. Негізгі назар балалардың сабақтағы белсенділігіне, ертегілерді талқылауға қатысуына және өзіндік танымдық қызметтің деңгейіне аударылды.

**Бақылау критерийлері:**

- Сабаққа белсенді қатысатын балалар саны.
- Ертегі бойынша қойылатын сұрақтар мен ұсыныстардың жиілігі.
- Өз ертегілерін жасауға бастама көрсету.
- Мәтіннің эмоционалдық қабылдануы (қызығушылық танытатын, бейтарап немесе сүйісетін балалар).

**Бағалау шкаласы:**

- Жоғары белсенділік: бала сұрақтар қойып, идеялар ұсынып, талқылауға үлкен ынтамен қатысады.
- Орташа белсенділік: бала талқылауға қатысады, бірақ бастама көрсетпейді.
- Төмен белсенділік: материалды пассивті тыңдап, реакциясы жоқ.

**2. Анкета жүргізу**

Анкета эксперимент басталар алдында және аяқталған соң өткізілді, бұл оқушылардың оқу қызығушылығының динамикасын анықтауға мүмкіндік берді.

**Анкета үлгісі:**

**Бөлім 1. Оқу қызығушылығы**

1. Мектепте оқығанды ұнатасың ба? (Иә / Жоқ / Кейде)
2. Сабақта ертегілерді тыңдағанды ұнатасың ба? (Иә / Жоқ / Білмеймін)

3. Қай сабақ саған ұнайды? (Әдебиет / Математика / Қоршаған орта / Басқа)

4. Мұғалім ертегі айтқанда оқығаның қызықты ма? (Иә / Жоқ / Кейде)

5. Сабақта көбірек ертегі айтылуын қалайсың ба? (Иә / Жоқ / Білмеймін)

Бөлім 2. Танымдық белсенділік деңгейі

6. Сабақта жиі сұрақтар қоясың ба? (Иә / Жоқ / Кейде)

7. Өз ертегілерінді ойлап көрдің бе? (Иә / Жоқ / Білмеймін)

8. Танымал ертегілерге жалғасын ойлап табуды ұнатасың ба? (Иә / Жоқ)

Бөлім 3. Сабақтың эмоционалдық қабылдануы

9. Саған не ұнайды: оқу кітабын оқу немесе ертегі тыңдау? (Оқу кітабын оқу / Ертегі тыңдау)

10. Сабақта ертегі айтылғанда, әрі қарай не болатынын білгің келеді ме? (Иә / Жоқ)

Анкеталарды талдау нәтижесінде эксперименттік топта оң жауаптардың пайыздығы айтарлықтай өскенін байқадық, бұл танымдық қызығушылықтың артуын көрсетеді.

3. Оқу жетістігін талдау

Ертегілерді қолданудың білімге ықпалын сандық түрде өлшеу үшін әдебиет пен қоршаған орта пәндері бойынша бақылау жұмыстары эксперименттен бұрын және кейін жүргізілді.

Бағалау критерийлері:

- Сұрақтарға дұрыс жауаптардың саны.
- Мәтіндерді қайта баяндау сапасы.
- Оқылған материал негізінде өз ойларын қалыптастыру қабілеті.

Нәтижелер эксперименттік топта бақылау жұмыстарының орташа баллы 15%-ға өскенін, ал бақылау тобында өзгерістер елеусіз болғанын көрсетті.

4. Мұғалімдермен әңгіме

Эксперимент аяқталғаннан кейін екі топтағы сабақ беретін мұғалімдермен сұхбат жүргізілді.

Мұғалімдерге қойылған сұрақтар:

1. Эксперименттік топтағы балалардың мінез-құлқы қалай өзгерді?
2. Оларда оқуға деген қызығушылық артты ма?
3. Сабақ барысында балалардың сұрақтары көбейді ме?
4. Шығармашылық тапсырмаларға қатысу белсенділігі артты ма?

Мұғалімдер былай деп атап өтті:

– Бастамашылдықтың артуы: балалар талқылауға жиі қатысып, өз ойларын еркін білдіруге мүмкіндік алды.

– Шығармашылық белсенділіктің өсуі: балалар өз ертегілерін ойлап тауып, жаңа әңгімелер құра бастады.

– Оқуға деген қызығушылықтың артуы: әсіресе әдебиет пен қоршаған орта пәндерінде байқалды.

Барлық төрт зерттеу әдісі эксперименттік топтағы оң өзгерістерді дәлелдеді. Халық ертегілерін қолдана отырып оқыған балалар:

- Сабаққа белсенді қатысып, өз бастамаларын көрсетті;
- Оқу мотивациясы артты;
- Оқу жетістіктері жақсарып, бақылау жұмыстарының орташа балы 15%-ға өсті;
- Шығармашылық ойлау қабілеті дамыды, олар өз ертегілерін ойлап табуға белсенділік танытты.

Осылайша, халық ертегілері бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастырудың тиімді құралы екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шалғынбаева Қ.Қ. Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі. - пед.ғыл. докт. ... диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2006. -45б.

2. Едігенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру: пед.ғыл.канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 30б.

3. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. Алматы: Санат, 2000. - 459 б.